

І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасынан көшірме

Ақтөбе қаласы

26.12.2024ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысына бағытталған 2024 жылы өткізілген іс-шаралар есебі.
2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-аналардың қатысуымен өткізілген іс-шаралар.
3. Мектепте Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру.
4. Жекелеген санат оқушыларына жаңа жылдық тәттілер дайындау.

Хабарламашы қамқоршылық кеңестің төрайымы Г.Джамангарина.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы Г.Джамангарина сөз бастады: 2024 жылы Қамқоршылық кеңес құрамында 17 мүше бекітілді. Қамқоршылық кеңес отырысы тоқсан сайын өткізіліп келеді. Қамқоршылық кеңес құру негізінде нормативтік-құқықтық және әдістемелік құсқаулармен танысу, негізгі бағыттарды анықтау. Оқу-тәрбие жүйесін жақсарту мақсатында көмек көрсету мақсаты болып табылады. Көктемгі айлық бойынша мектеп алаңын көгалдандыру, санитарлық тазалық бойынша жұмыс атқаруға көмек көрсету. Қамқоршылық кеңес құрамы мектепшілік іс-шараларға қатысу басты назарға алынған.

Қамқоршылық кеңес мүшелері осы оқу жылында бекітілген іс-шараларға қатысып отырды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “Даналық мектебі” жобасы жұмыстарын атқарды. “Іс-әрекеттегі мейірімділік” тақырыбында әжелердің қатысуымен сынып сағаты өтті. “Еңбегі адал жас өрен” жобасы бойынша 11 кластың ұйымдастыруымен “Қоғам игілігіне қызмет ету” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел әкелердің қатысуымен өтті. Дөңгелек үстелге қатысқан әкелер өздерінің өмірлік тәжірибесінен өнегелі әңгімелерімен бөлісті.

Бракераждық сараптамалық комиссия мүшелері мектебіміздің асхана жұмысын тексеріп отырады. Комиссия мүшелері күнделікті тағамдардың ас мәзіріне сәйкестігін, тағам өнімдерінің сақталу мерзімі мен сақталу жағдайын бақылады. Мектепте қазан мен сәуір айларында қалалық білім бөлімінің бұйрығы негізінде ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту мақсатында, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналардың кезекшілігі ұйымдастырылды. Ата-аналар кезекшілікке қатысып, оқушылардың тәртібін, жүріс-тұрыстарын бақылады.

Ақпан айының 20-21 күндері ата-аналарға арналған ашық есік күні өткізілді. Шараға 60-қа жуық ата-ана қатысты. Сабақ соңында ата-аналар кері байланыстарын жазбаша ұсынды.

Ақтөбе қаласының әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық - демографиялық саясат жөніндегі комиссиямен ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеудегі жауапкершілігінің ролін арттыру мақсатында “Саналы ата-ана болу” тақырыбында семинар тренингке мектебімізден 31 ата-ана қатысты.

«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 13 наурыз 2024 жылы мектебімізде қалалық полиция бөлімшесінің қызметкерлерінің қатысуымен ата-аналарға жиналысы өткізілді.

20 тамыз күні қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен кезекті отырыс өтті. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсету мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ата-аналар өтініштері қаралды. Республикалық “Мектепке жол” акциясы талқыланды.

2024 жылдың 1-31 тамыз аралығында “Жақсылық жаса” ұранымен дәстүрлі қайырымдылық “Мектепке жол” республикалық акциясы жүргізілді. Осы акция аясында мектеп ұстаздары мен жеке кәсіпкер Нұржанова Гүлсиная Кеулімжайқызы және мектебіміздің Қамқоршылық кеңес мүшелерінің демеушілігімен биылғы оқу жылында мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндерімізге оқу құралдары, мектеп сөмкесі сыйға тартылды.

Ағымдағы жылдың 12 қыркүйек күні мектеп оқулықтарының жағдайын тексеру бойынша 1-11 класс оқушыларына рейд жұмысы жүргізілді. Мектеп оқулығы-бұл білім көздеріне қосымша ресурс. Оқулықтың жай-күйі-оқушының мектеп кітап қорына деген жауапкершілігінің көрінісі. Мектеп оқулықтарының жай-күйін бақылауды мектеп кітапханашысы Ж.Ш.Қалиева, қамқоршылық кеңестің төрайымы Г.С.Джамангарина, ДТЖЖО С.Н.Карагулова, әлеуметтік педагог Н.Туреханова, мектеп психологы А.Касымкулова, аға тәлімгер А.Ищанова жүргізді. Тексеру нәтижесінде келесі тұжырымдар жасалды: жалпы сынып оқушылары арасындағы оқулықтардың жағдайы қанағаттанарлық. Кейбір білім алушыларға ескертулер жасалды. Бұл жұмыс алдағы уақытта жалғасын табады.

Оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін бақылау, сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттырып, ұйымшылдыққа, өз ойларын, өнерлерін ортаға салуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу мақсатында 9-10-11-класстың қыз балаларына арналған “Күз ханшайымы-2024” атты байқауы 8 қараша күні өтті. Оқушылар жоғары дайындықпен, жан жақты өз өнерлерімен шеберліктерін көрсетті. Байқауға “Шуак” аналар клубының жетекшісі К.Кенжеғалиева, қамқоршылық кеңесінің мүшесі З.Карашулакова, әлеуметтік педагог Н.Туреханова байқауға қатысып төрелік етті.

Ағымдағы жылдың 21-22-23 қараша күндері мектеп әкімшілігі, мұғалімдер мен ата-аналардың қатысуымен түнгі рейд шарасы өтті. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен олардың түнгі мезгілде заңды өкілінсіз ойын-сауық мекемелерінде жүруінің, тұрғын үйден тыс болуының жолын кесу үшін көптеген рейд шаралары құзырлы мекемелермен бірлесіп ұйымдастырылуда.

Республикалық “Мектепке жол” қайырымдылық акциясы, “Қамқор” жобасы аясында қолдау көрсеткен демеушілерімізге, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне, ата—аналарға “Жылы жүрек, жомарт қол” тақырыбында “Екі езу” сатира театрының ұйымдастыруымен, алғыс айту шарасы өтті. Шара соңында демеушілік жасап жүрген қамқоршылық кеңестің мүшелері мен ата - аналарына алғыс хат берілді. Жан—жылуымен бөлісіп, шынайы жүрекпен сезінген ата—аналарға, ұлттық мәдениетімізге үлес қосып жүрген “Екі езу” сатира театрына алғыс айтамыз.

2024 жылдың 29 қараша күні қалалық «BILIM QASYNA» КММ жоспарына сәйкес Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебінде «Отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар» тақырыбында ата-аналарға арналған қалалық конференция өтті. Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар арқылы балалардың бойында ұлттық сана, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Аталған шараға «BILIM QASYNA» КММ әдіскері А.Е.Оралбаева мен қала мектептерінің ата-аналары

катысты. Конференцияны әдіскер А.Е.Оралбаева мен мектеп директоры Н.Ж.Байниязова алғы сөзбен ашты. Конференцияға көршілес қала мектептерінің ата-аналары №5 ОМ ата-ана Мұхамбетқалиева А., №13 ОМ ата-ана Атчыбаева Г., №29 ОМ ата-ана Шүйінішбаева Г., №42 ОМ ата-ана Хасенова Ж., Әлкей Марғұлан атындағы №71 ОМ ата-ана Иманбаева А., Әбіш Кекілбаев атындағы №72 ОМ ата-ана Утенова А., Ілияс Есенберлин атындағы №15 ОМ ата-ана Джамангарина Г. қатысып өз баяндамаларын қорғады. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағының кепілі. Әр бала атаның қанымен, ананың сүтімен келетін туа бітті қасиеттер сияқты ұлттық рухани құндылықтарды да ең алдымен отбасында ата-ананың тәрбиесімен бойына сіңіретіні анық. Ендеше, «Ел боламын десек, бесігінді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып тәрбиеге, ұлттық құндылықтарға мән берейік.

3-ші мәселе бойынша кеңес мүшесі, алда Жаңа жыл мерекеміз жакындады. Жаңа жыл мерекесін әрбір бала күтетін шығар. Сол себептен бүгін осы екі мәселені бірауыздан шешуіміз қажет.

Облыста қызылшамен сырқаттанушылықтың өсуін ескере отырып, тиісті санитариялық-эпидемиологиялық шаралары қатаң сақталуы қажет. Тұмау, қызылша, ветрянка аурулардың көбеюіне байланысты сырттан аниматорларды жалдап, шақыруға болмайды. Сол себептен Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шаралар мектеп қабырғасында өткізуді ұсынамыз. Жаңа жылдық шырша 27 желтоқсан күні, 5-8 кластарда сынып сағаттары түрінде кластарында өтеді. 11 кластың оқушылары даярлық тобындағы балаларға, 1-2-3-4 класс оқушыларына жаңажылдық қойылым қояды, қоржындарынан тәттілерді таратса жақсы болар еді.

Мектебімізде “Жекеленген санаттағы” 42 оқушы бар, яғни жылда сол балаларға сыйлық беріледі. Оған еш жерден қаражат бөлінбейді, жылда жәрмеңке ұйымдастырылатын еді, биылға әзір жәрмеңке ұйымдастырмадық. Мүмкін арамызда спонсорлар өз арамызда я болмаса кластарыңызда спонсор ата-аналармен бірлесіп жекелеген санаттағы 40 оқушыға жаңа жылдық тәттілерді дайындаймыз.

Жаңа жылдық шырша 26 желтоқсан күні өтеді.

0-1-2-5 кластарда мәжіліс залында жаңа жыл ертеңгілігі өтеді..

II ауысым бойынша жаңа жылдық шара 5-6-7-8 кластарда сынып сағаттары, ал сағат 17.00 ден 19.00 ге дейін 9-10-11 кластарда би кеші өтеді.

Жаңа жыл шарасына дайындық кезінде оқушылардың жеке көзқарас қағидалары және балалардың қауіпсіздігі шараларының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Бірауыздан кеңес мүшелері қолдайтынын білдірді, ешқандай қарсылық болған жоқ.





Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай және талқылай келе қаулы етеді:

- 1.Қамқоршылық кеңестің жылдық есебі қанағаттандырылсын.
2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар жалғасын тапсын.
- 3.Мектепте Жаңа жыл мерекесі өз кластарында ұйымдастырылсын.
- 4.Жекелеген санат оқушыларына жаңа жылдық тәттілер демеушілік есебінен алынып, оқушыларға таратылсын.
- 5.Жаңа жыл кезінде оқушылардың қауіпсіздігі класс жетекшілер тарапынан бақылансын.

Кеңес төрайымы :  Г.Джамангарина

Хатшы:  Н.Туреханова

Кеңес мүшелері:

 К.Кенжеғалиева
 Ж.Жанетолла
 Р.Байлиева
 М.Исламғалиева
 С.Жолдыбай
 Г.Досова
 А.Тайшыбаев
 А.Халидолла
 Л.Ажбаганбетова
 Н.Хасенова
 А.Токсанбаева
 З.Карашулакова
 К.Длимбетова
 А.Қаражігітова
 Ә.Азырова